

Бекітемін  
 «Жолшы» мемлекеттік бақшасы» МКҚК  
 меңгерушісі А. Мырзағалиева



Әдістемелік бөлме жұмысының мазмұны және ұйымдастырылуы.  
 2024-2025 оқу жылы.

№	Жұмыс бағыттары	Уақыты	Жауаптылар
1	Жаңа мемлекеттік стандартқа және бағдарламаларға сәйкес перспективалық жоспарларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дайындау.	жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
2	1. Балалармен экскурсия, серуендеуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру. 2. ҰІӨ ұйымдастыру және өткізу жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулықпен таныстыру	Қыркүйек	Әдіскер
3	Тәрбиешілердің білімін жетілдіру мақсатында ҚДИ курсқа жіберу	жыл бойы	Әдіскер
4	Шығармашылық топтың жұмыстары.	Жыл бойы	Шығармашылық топ
5	Әдістемелік жаңалықтармен таныстыру	Үнемі	Әдіскер
6	2025 жылға тәрбиеші педагогтарға арналған газет, журналдарға жазылуды ұйымдастыру.	Қараша	Әдіскер
7	Жас маман тәрбиешілерге әдістемелік, тәлімгерлік жұмыс жағынан көмек көрсету.	Үнемі	Әдіскер, тәлімгерлер
8	2024-2025 оқу жылына балалардың негізгі құзыреттілігінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау, индикаторын жасау.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер
9	Аттестаттау, стендін толықтыру.	Үнемі	Әдіскер
10	Тәрбиешілердің іс-әрекеттерін, білімділік, білік, шеберлік деңгейінің мониторингін жасау.	Тоқсан сайын	Әдіскер
11	Кітапхана қорын толықтыру	Үнемі	Меңгеруші, әдіскер

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның Әдіскемелік оырысының

№ 1 хаттамасы

Өткізілген күні: 2024 ж.18. қыркүйек айы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

**Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «**Біртұтас тәрбие**» бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау

**Тыңдалды:**

Әдіскер С.Жоламанова. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарын таныстырды.

Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер нақтыланды.

Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламадағы өзгерістер түсіндірілді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары қарастырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын барлық іс-шараларда интеграциялау қажеттілігі айтылды.

**Бірінші мәселе бойынша-Әдіскер С.Жоламанова** «Жолшы» балабақшасының міндетімен таныстырып өтті.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

тәрбие мен оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану;

«Құзыреттілік орталықтарының» жұмысын жетілдіру арқылы ауылдық және жеке мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту;

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мобильді топтарды дамыту;

**Екінші мәселе бойынша меңгерушісі А.Мырзағалиева** - 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік қызметтің басым бағыттары балабақшадағы тәрбие-білім беру процесінің мазмұнын жетілдіруге бағытталды. Жаңа оқу жылының басты мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының қағидаларын оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру болып табылады деді.

Жиналыста педагогтер оқу бағдарламасындағы өзгерістермен танысып, жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану жолдарын талқылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әділдікке, еңбекқорлыққа, бірлік пен ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті қойылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру әрбір іс-шарада көрініс табуы тиіс: ойындарда, мерекелерде, экологиялық, ұлттық, спорттық бағыттағы жұмыстарда балаларға құндылықтарды тәжірибе арқылы үйрету көзделді. Әдіскер жыл бойы педагогтердің жұмысын бақылап, қолдау көрсетіп, ай сайын талдау жүргізуді міндетіне алды. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның Әдіскемелік оырысының  
№ 2 хаттамасы

Өткізілген күні: 2025 ж. 22. қаңтар айы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, педагогтер

Күн тәртібінде: 1. Іс-тәжірибе алмасу бағытын талдау.  
2. Даналық мектебінің жұмысын талдау.

Сөйлеушілер: Әдіскер С.Жоламанова

Әдіскер С.Жоламанова іс-тәжірибе бағытындағы ұйысдастырылған іс-  
әрекетіне толтырылған жұмыс дәптерінің қорытындысына тоқталып өтті.

Талқыланды:

Тәрбиеші Б.Улыкпанова

Өз-ара ұйымдастырылған іс-әрекетіне кіру біздің бұрынан келе жатқан  
тұрақты жұмысымыздың бірі. Әр педагог өзінің жоспарына сай кез келген уақытта  
кіріп қатысуына болады деп ойлаймын. Тәжірибе алмасу ол біздің басты  
мақсатымыз деп ойлаймын.

Әріптестердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу, содан кейін  
бақылау парағын толтыру ұсынылды.

Тәрбиеші В.Кадирова

Бірінші және екінші мәселе бойынша түсінікті.

Мен, ата-аналар мен ақылдаса отырып «Аналар», «Әкелер», «Әжелер»  
мектебінің жұмыс жоспарын құрып алып келдім. Жасалған жоспарға сай алдағы  
уақытта жұмысты толығымен атқарамыз.

Тәрбиеші М.Утеуова

Б.Улыкпанова ұсынылған ұсынысына келісемін

«Біртұтас»тәрбие бағдарламасының жоспарын бізде толықтырып әкеліп  
отырмыз.

Шешім:

1. Іс-тәжірибе алмасу бағытын жетілдіру және ашық ұйымдастырылған  
іс- әрекеттің бақылау парағы толтырылсын..
2. Даналық мектебінің жұмысы қадағалансын.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Жоламанова

В.Кадирова

